

ҚазҰУ-БҰҰ: сенімді серіктестік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен БҰҰ Өркениеттер альянсі (UNAOC) ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Тараптар ЮНЕСКО қолдауымен 2020 жылды Әл-Фараби жылы қылу идеясын және ұлы философтың 1150 жылдық мерейтойына орай халықаралық деңгейде іс-шаралар өткізу бастамасын көтерді.



Аталмыш ақпарат жайлы БҰҰ Өркениеттер альянсінің Жоғары өкілі Насир Абдулазиз әл-Насер ҚазҰУ-ға сапары барысында баяндады. Оқу орнының ректоры Ғалым Мұтанов Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің ізгілікті қоғам туралы идеясының негізінде қаланған «Ізгілікті қоғам азаматтарын қалыптастыру» жобасы ынтымақтастық туралы меморандум аясында жүзеге асырылатынын атап өтті. Жобаның мақсаты – өскелең ұрпаққа бейбітшілік, жақсылық және әділеттік идеяларын жеткізу.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деген әл-Фараби сөзі бүгінде аса өзекті», – деп ой тарқатқан ректор: «Егер жоғары оқу орындарының түлектері кәсіби құзыреттілікпен қоса жоғары адамгершілік құндылықтарға ие болса, онда әлем жақсырақ әрі қауіпсіз, әл-Фараби айтқандай, ізгі болады», – деп сенім білдірді.

Қол қою рәсімінде Насир Абдулазиз әл-Насер: «UNAOC сіздердің университеттеріңіз тәрізді оқу орындарының мәдениеттер диалогында өмірлік маңызды рөл атқаратынын мойындайды, біз бұл күрделі әрі бүкіл әлемге қажетті жұмысты жоғары бағалаймыз», – деп атап өтті. Өз сөзінде ол: «Ұлы ойшыл және үздік философ Әбу Насыр Әл-Фарабидің құрметіне аталған жалғыз оқу орны болып табылатын университет «Академиялық ықпал» бағдарламасын жүзеге асыруда БҰҰ-ның сенімді

серіктесі және әлемдік академиялық бірлестікті өз қызметіне белсенді түрде тартуда», – деді.

Шынында, университетте ауқымды жұмыстар атқарылды. Мәселен, ҚазҰУ – ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жасыл көпір» және «G-Global» бастамаларының энерго-экологиялық стратегиясына қолдау ретінде ТМД университеттері ішінен RIO+20 әлемдік саммитінде секция ашу жоғары құрметіне ие болған бірден-бір оқу орны. Университет тұрақты даму мәселелері бойынша III Азия университеттері ректорларының форумына ұйымдастырушылық етті, оқу орны «Жана Жібек жолы – БҰҰ моделі» бүкіләлемдік студенттік ойының бір бөлігі болып табылады, сондай-ақ, Колумбия университетімен бірге тұрақты даму бойынша мамандар даярлайтын «MDP Global Classroom» бағдарламасын сәтті жүзеге асыруда. Оқу орнында Әл-Фараби мұрасын зерттеу бойынша көптеген шаралар қолға алынды.

2016 жылы университет БҰҰ Өркениеттер альянсінің VII Ғаламдық форумында «Әл-Фараби – өркениет философы» секциясын ашып, шетелдік ғылыми элита арасында үлкен қолдау тапқан ізгілікті қоғам дамуының тұжырымдамасын ұсынды. Университетте ұлы ойшылға мұражай ашылды, ғалымның кітаптары жарыққа шығарылды, жыл сайын халықаралық Фараби оқулары өткізіліп келеді.

Жалғасы 2-бетте

ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ – ІЗЕТ

Жеңіс күні қарсаңында ҚазҰУ-да Ұлы Отан соғысы мен еңбек майданының ардагерлеріне, Ақсақалдар кеңесі мүшелеріне арналған мерекелік жиын өтті.

Салтанатты шарада алғашқы болып сөз алған ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев университеттің мыңдаған ұжымы атынан барлық ардагерлер мен ақсақалдарды ұлы мейраммен шын жүректен құттықтап, оларға зор денсаулық, амандық пен бақ-береке тіледі. «Ардагерлердің жанкешті ерлігі, ерен еңбегі мен патриотизмі – Отанға қызмет студің жарқын үлгісі. Қолдарына қару алып, қан майданда от кешкен жандардың ерлігімен келген бейбіт күнді жас буын бағалай білуі керек», – деді ол өз сөзінде.

Жалғасы 3-бетте

ЖАСТАРДЫ МӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ҮЙРЕТУ МАҢЫЗДЫ

Астанадағы келіссөздер Сириядағы жағдайды саяси тұрғыдан реттеуде маңызды рөл атқарады және БҰҰ қолдауымен женевалық процеске жол ашатын болады. Бұл туралы БҰҰ Өркениеттер альянсінің жоғары өкілі Насир Абдулазиз әл-Насер әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқытушылар және студенттермен, Қазақстандағы шетелдік дипломатиялық корпус, қоғам және БАҚ өкілдерімен өткен кездесуде айтты.

Спикердің пікірінше, Қазақстанның бейбіт бастамалары барша халықаралық қауымдастық мүддесін көздейді және адамзаттың жаһандық мәселелеріне бағытталған. Елдің қарусыздандыру мен ядролық қауіпсіздік саласындағы көшбасшылығын әлем мойындаған. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрестегі мемлекеттің рөлі артып келеді. Бұған Сирияда тыныштық орнату мәселесіне қатысты Астанада өтіп жатқан күрмеуі қиын сан қилы келіссөздер дәлел.

«Радикалды экстремистер өздерін жақтаушыларды жастар арасынан іздейді, оған себеп – сауатсыздық, кедейлік және жұмыссыздық. Мектепте және университеттерде жастарды мәдениеттілікке үйрету маңызды, біз бір-бірімізді құрметтей білуіміз керек. Білім, ғылым және жаңа технологиялар әлемнің тұрақты дамуының негізі болуы тиіс. Бұл ұжымдық күшті талап етеді. Қазақстан бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға көп күш салуда, біз оны бағалаймыз», – деді Насир Абдулазиз әл-Насер.

Бүгінде әлем өзгерді және ол тұрақтылықты сақтауға көмектесетін құралға мұқтаж. Білім, дінаралық және мәдени диалог алдын алу дипломатиясының бір бөлігі бола алады және бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудағы «жұмсақ күшке» ие, – деп есептейді БҰҰ Өркениеттер альянсінің жетекшісі.

Өз тілшімізден

БҮГІНГІ САНДА:

КӨШБАСШЫ УНИВЕРСИТЕТ



2-бет

ЭКСПО САФАТЫ: БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ



3-бет

СТУДЕНТТЕР ДЕ ӘСКЕРИ САПҚА ДАЙЫН



8-бет

Көшбасшы УНИВЕРСИТЕТ

Кезекті ректорат мәжілісі дәстүр бойынша студенттерге шәкіртақы табыстау рәсімімен басталды.



Алғашқы болып сөз алған университеттің шығыстану факультетінің деканы Баян Жұбатова Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының үш студентіне, қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу, криминалистика кафедрасының меңгерушісі Рима Жансараева «Құқықтану» мамандығының он бір студентіне, есеп және аудит кафедрасының меңгерушісі Адиля Байдильдина кафедраның бес студентіне, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті және Жамбыл атындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығының директоры Мүбәрәк Үмбетбаев үздік бес студентке шәкіртақы табыстады. Сондай-ақ, биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі Сұлтан Төлеуханов кафедра атынан екі магистрантты және АҚШ, Филадельфия, Дрексель университеті атынан келіп түскен 9 000\$ көлеміндегі шәкіртақымен кафедра докторантын марапаттап, университет жетістігін зор қуанышпен атап өтті.

Күн тәртібіне сәйкес мәжілістің маңызды мәселелері Стратегиялық даму орталығы директорының орынбасары Ерлан Түргенбаевтың хабарламасына ұласты. QS WUR-дегі университеттің негізгі көрсеткіштерін талдаған Е.Түргенбаев ҚазҰУ-дың академиялық жұмыс берушілер арасындағы беделіне, жарияланымдарына, оның ішінде әлеуметтік, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымы бойынша халықаралық және аймақтағы дәрежесін жүйелеп қарастырды. Оның айтуынша, ҚазҰУ-дың академиялық беделі жыл санап артып келеді. Университет түлектеріне деген халықаралық деңгейдегі жұмыс берушілердің де сұранысы бұрынғыдан еселенуде. Ал оқу орнының аймақтық жұмыс берушілердің ішінде дәрежесі айтпаса да анық.

Өз кезегінде ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев ҚР Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның

Бұдан бөлек, мәжілісте университетте «Рухани жаңғыру» жоба офисін ашу мәселесі сөз болды.

үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы аясында университеттің кадрлық саясаты жайын айтып, университеттегі индикативті көрсеткіш бойынша кадрлардың қабілетін анықтау жүйесі туралы сөз қозғады. М.Бүркітбаев өз хабарламасында 2015-2017 жылдары Scopus журналдарындағы кафедра жарияланымдарының мөлшерін бағамдап өтті. «Бұл бағытта 121 жарияланыммен физика-техникалық факультеті көш бастап тұрса, механика және математика, химия және химиялық технологиялар, биология және биотехнология факультеттері де алдыңғы қатарында», – деді бірінші проректор. Ол университеттегі білім алушылар мен оқытушы-профессорлық құрамның сандық мөлшерін келтіріп, факультеттердегі жұмыстың орындалуы жөнінде негізі мәліметтерді тілге тиек етті. М.Бүркітбаевтың айтуынша, қосдипломдық білім беру бағдарламасын одан әрі күшейтуде алда атқарылатын жұмыстар көп. Сөз соңында бірінші проректор оқытушы-профессорлық құрамына байқау жариялау туралы баяндап, басты талаптарды атап өтті.

Бұл туралы әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева айтып өтті. Офис жұмысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру негізінде қолға алынып отыр. Сөз барысында жоба офисінің маңыздылығы айтылып, мақсат-міндеті сараланды. Шолпан Ерболқызы университетте ашылғалы отырған келелі жобаға филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кенжехан Матыжановты басшы ретінде тағайындауды ұсынды.

Сондай-ақ, Диагностикалық орталық директоры Эрнест Қалиев ҚР міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы ректорат мүшелерін хабардар етіп, тіркелу әдісі жайлы нұсқама берді. Айта кетерлігі, медициналық ұйымға тіркелу үшін «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында орналасқан «Smart Health» диагностикалық орталығында бланкі толтырып, egov.kz порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңба алуға өтінім жасауға және тіркелуге мүмкіндік бар.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

kaznu.kz

Халықаралық қатынастар факультетінде Алмалы ауданының прокуроры Мадияр Башыбаев бастаған жангерлер қауымы факультет оқытушылары және студенттерімен кездесті.

Шарада Мадияр Бекенұлы «Өмірдің мәні неде?» деп сұрақ қою арқылы барлық адам өзін-өзі дамытуы, белсенді болуы керек екендігіне назар аударды. Әлемде өзекті мәселеге айналған экстремизм мен терроризм қаупін арнайы сөз етті. Жастар арасындағы қылмыс, бала тәрбиесіне қатысты ойларымен бөлісті. Қызу пікір алмасу жағдайында өткен кездесу барысында Алмалы ауданының прокуроры оқытушылар мен студенттердің сұрақтарына толыққанды жауап берді. Осындай берері мол кездесулер жастар арасындағы құқық бұзушылықтар мен тәртіпсіздіктердің азаюына өз септігін тигізери сөзсіз.

Аяжан БАҚЫТҚАЛИЕВА,

2-курс студенті

Биология және биотехнология факультеті, биотехнология кафедрасының оқытушылары мен магистранттарының ұйымдастыруымен №7 Студенттер үйінде Қазақстан 2050 Стратегиясы – Мәңгілік ел идеясының маңызы мен тарихи сабақтастығы аясында «Еліміздің бүгінгі мен ертеңі» атты іс-шара өткізілді.

Қазақстанның жарқын болашағы өскелең ұрпақ қолында екендігін ұғындыруды мақсат еткен шарада жастардың назарына ҚР Президентінің халыққа Жолдауы бойынша дайындалған бейнетаныстырылым көрсетілді. Онда Жолдаудың маңыздылығы студенттерге кеңінен түсіндірілді. Елбасы өз сөзінде: «Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», – деген болатын. ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдаулары жастарға да үлкен аманат жүктеп, жол сілтейді.

Сондай-ақ қатысушылар тіл, білім, салауатты өмір салты төңірегінде өз ойларын ортаға салды. Осы тақырыптарға байланысты идеяларымен және мақсаттарымен бөлісті. Болашаққа деген үкілі үміт тірегі – жастар өздерінің азат ойлары мен кемел білімдерін еліміздің көркею, даму мақсаттарына аянбай жұмсайтындықтарын жеткізді. Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істеріміз сәттілікпен жүзеге аса бергей!

Қарлығаш МҰХАТАЕВА,

б.ғ.к., биотехнология кафедрасының

доцент м.а.;

Ажар МӘЛІК,

1-курс магистранты

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚазҰУ–БҰҰ: сенімді серіктестік

ҚазҰУ Ыстамбұл және Иордан университеттерінде Әл-Фараби ғылыми орталықтарын ашты. Ректордың айтуынша, жуық арада орталық Францияның Сорбонна университетінде де пайда болмақ. ҚазҰУ-да технологиялық және рухани-өнегелік тұғырнамаларға негізделген «Al-Farabi university smart city» бірегей жобасы сәтті жүзеге асыруда. Жаңа жаһандық шынайылық пен өркениеттің дамуы жағдайында ұлттық сананың өзгеруі жөніндегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алға қойған мемлекеттік бағдарламасы бұл қызметтегі басты бағдар болып табылады.

Насир Абдулазиз әл-Насер университет оқытушылары және студенттерімен, шетелдік дипломатиялық корпус, ғылыми қоғам өкілдерімен өткен кездесуінде жаһандық БҰҰ Өркениеттер альянсінің белсенді мүшесі ретінде Қазақстанның рөлі ерекше екенін атап өтті. «Қазақстан әлемдегі тұрақты дамуға қол жеткізу үшін зор үлес қосуда, сіздердің көшбасшыларыңыз Нұрсұлтан Назарбаев жас ұрпаққа үлкен қолдау көрсетуде, – деді UNAOC-тің Жоғары өкілі. – Қазақстан жастарының білім алуы және ғылыммен айналысуына барлық мүмкіндіктер жасалған. Біз олардың Альянс жобаларына қатысу ниеттерін қолдайтын боламыз».

Насир Абдулазиз әл-Насер Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтың қолдауына ие болған ядролық қаруды таратпау және аймақтық қауіпсіздікті сақтау жөніндегі бейбіт бастамаларын және Сириядағы жағдайды

реттеуге қосқан мемлекеттің үлесін айрықша атап өтті.

Мәртебелі мейман университет қалашығымен және мұндағы Әл-Фараби мұражайымен танысып, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында жастармен пікір алмасты.

ҚазҰУ жасыл технологиялар орталығын аралаған БҰҰ Өркениеттер альянсінің

басшысына ғалымдар мен студенттердің Астанада Бүкіләлемдік көрмеде қойылатын энергия үнемдеу саласындағы жобалары көрсетілді. Әлемдік деңгейдегі айтулы оқиғаның құрметіне ол «ЭКСПО – 2017» университеттік аллеясына ағаш отырғызды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



ЭКСПО САҒАТЫ: болашақ энергиясы

Жуырда халықаралық қатынастар факультетінде «ЭКСПО сағаты: болашақ энергиясы» атты тақырыпта кураторлық сағат өткізілді.



Шараны ұйымдастырған халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті Б.З.Бюжеева «ЭКСПО – 2017» дүниежүзілік көрмесін өткізу Қазақстан Республикасы үшін маңызды жобалардың бірі екендігін айтып, көрмеде әлемнің барлық мемлекеттері өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін ұсынатындығын тілге тиек етті. Ол студенттерге ЭКСПО дүниежүзілік көрмесінің өткізілу тарихы жайлы қызықты мағлұматтар берді.

Елімізде 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйек аралығында Астанада өтетін ЭКСПО-ға «Болашақ энергиясы» тақырыбының тандалу себептері жайын ашып көрсетті. Оның басты себебі – баламалы энергия көздерін дамыту, энергетика саласындағы тиімді тәсілдер мен оны тасымалдау жолдарын іздестіру, ғаламдық мәселеге айналып отырған энергия тапшылығын шеше отырып, энергиямен жабдықтау, сондай-ақ елімізде дәстүрлі энергетикалық ресурстардың елеулі қорына ие болып, баламалы энергия көздерін пайдалану шараларын ұйымдастыру, «жасыл экономика» құру екендігін сөз етті.

Көрмеге қатысушы мемлекеттер өздерінің энергия саласындағы техникалық және технологиялық жетістіктерімен бөлісіп, жаһандану кезеңіндегі сұранысқа ие балама энергия көздерін алу үшін жасалған техникалық құрылғыларымен таныстырады. Жанартылатын энергия көздері және қоршаған ортаға зиянсыз экологиялық таза энергия көздерін қолдану саласындағы жаңалықтардың маңызы зор. Осы тұста доцент ЭКСПО – 2017 көрмесінің Қазақстан үшін пайдалы тұстарын айқындап, студенттермен пікір алмасты.

ЭКСПО халықаралық көрмесіне келушілер еліміздің көпұлтты бай мәдениетімен, салт-дәстүрімен, тарихымен, өнерімен және қазақтың ерекше қонақжайлылығымен танысады және әлемдік қоғамдастықтың алдында бұл көрме Қазақстанның туристік тартымдылығын және танымалдығын арттырады сөзсіз.

Б.З. Бюжеева сөз соңында қазіргі таңда күннен-күнге дамып келе жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалануға шақырып, қоршаған ортаны қорғауға атсалысуға үндеді.

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы

АЙТУЛЫ ОҚИҒА

ЭКСПО–2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі. Осыған байланысты филология және әлем тілдері факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «ЭКСПО-2017: Болашақ энергиясы» атты дөңгелек үстел өтті.

Біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін ЭКСПО–2017 көрмесін өткізудің маңызы зор болмақ. Студенттер еліміздің астанасында өтетін дүниежүзілік көрменің маңыздылығын талқылады. Ел абыройын асқақтатар жобаға өз үлестерін қосатындықтарын айтты. Олар өз идеяларымен бөлісіп, әрбір қазақстандықты көрмеге белсене атсалысуға шақырды. Болашаққа көз жіберіп, жобадан кейінгі Қазақстанның өзгеше келбеті жайлы өз ойларын жеткізді. Студенттердің қызу пікірталасына ұласқан кешті студенттер – Абылайхан Қуанышев пен Қаракөз Әбдісамет елімізге арнаған арнау өлеңдерін мәнерлеп оқумен тамамдады.

Жоғары деңгейде өткен шара студенттердің білімділігін көрсетіп, танымын арттырды.

Сөз соңында әлемдік көрменің еліміздің өркендеп өсуіне жол ашатын жоба екендігіне тағы да баса назар аударғмыз келеді. Сондықтан әрбір жас өрен оның маңыздылығын танып-білуге тиіс.

Г.Ж. БОЛАТОВА,
ф.ғ.д.;
Б.А. КОНЕБАЕВА,
1-курс студенті

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ – ІЗЕТ



Жиында ҚазҰУ қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев: «Ардагерлерге құрмет көрсету университетте игі дәстүрге айналды. Біздің қоғамымыз сіздердің тәуелсіздік үшін күрестегі ерліктеріңізді ешқашан ұмытпайды. Қазірдің өзінде университет өміріне белсене атсалысып, оның дамуы мен ілгері жылжуына қосқан үлестеріңіз – біз үшін үлкен білім мен тәжірибе», – деп, қазыналы қарияларға алғыс білдірді.

Ұлы Жеңіс күнін ұлықтауға арналған шарада соғыс ардагері Ғаббас Жұматов, ҚР ҰҒА академиктері – Сұлтан Сартаев, Арықбай Ағыбаев, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зұлхайыр Мансұров, тарих ғылымдарының докторы Уахит Шәлекенов, Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Михаил Пузиков, ҚазКСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Анатолий Арешенко және тағы басқа ардагерлер бас қосты. Олар тарих қойнауына сапар шегіп, сұрапыл соғыста қаза тапқан азаматтарды еске алды. Жұдырықтай жүрегі «Отан» деп соққан батырлардың ерлігі, қазақ халқының қайтпас қайсарлығы, өшпес рухы сөз болды. Осы тұрғыда тарих ғылымдарының докторы Уахит Шәлекенов елдімізді сақтап, ертеңіміздің жарқын болуы үшін Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласындағы патриотизм жайын қозғады. «Қазақ халқының патриотизмі ертеден ерекше. Отанға деген сүйіспеншілігінің арқасында қазақ халқы ұлан-байтақ жерді көзінің қарашағындай сақтап, ұрпаққа қалдырды», – деді ақсақал тебірене.

Зұлхайыр Мансұров, Хамит Біржанов бастаған бір топ ақсақалдар тарихымызды танытып, ұлттық рухты өскелең ұрпақтың бойына сіңірудің маңыздылығын атап өтті. Жас

буын бейбіт күннің оңайлықпен келмегенін жете түсінгені жөн. ҚазҰУ-да патриоттық рухы биік, өнегелі ұрпақтың өсіп келе жатқаны көз қуантады деді қариялар. Сондай-ақ, ардагерлер ұлттық университеттің білім мен ғылымда ғана емес, қоғамдағы рөлінің жоғарылығын атап өтіп, оқу орнының болашағына үлкен сеніммен қарайтындықтарын жеткізді. Жыл сайын дәстүрлі түрде ардагерлердің басын қосатын ҚазҰУ басшылығына ризашылық таныта отырып, ақ тілекпен бата берді.

Университеттің студенттік көркемөнерпаздар ұйымы ардагерлерге арнап мерекелік концерт ұйымдастырып, меймандардың мерейін

еселей түсті. Қазулықтардың ізгі ниеті, ыстық ықыласы мен ақ пейілі ардагерлерді бір серпілтіп, мейірім шуағын сыйлады. Қадірменді қариялар дәстүр бойынша естелік суретке түсіп, жайдары көңіл-күймен тарасты.

Жазерке ҚАРТАЕВА

Student excursion from Gießen at Al-Farabi Kazakh National University

From March 16 to March 25, 2017, a student delegation from Justus Liebig University (Gießen, Germany) visited the Department of Philology and World Languages at Al-Farabi Kazakh National University.



stressed the key importance of language skills as a means to cultural communication.

After the conclusion of the opening lectures and speeches, Prof. Dr. Madieva's students took their guests on a guided tour to the museum of Al-Farabi Kazakh National University. The guests were impressed by the University's achievements in past and present, and especially the imposing number of eminent scholars that issued from it.

Another station during the visit on campus was the

Library Named after Al-Farabi. Here, the German delegation was introduced to the library system and to the library's various departments. The future Turcologists from Gießen took particular interest in the library collections containing historical material in Kazakh and other Turkic languages.

During their 9-day stay at Al-Farabi Kazakh National University, the Gießen delegation was hosted at the Жас Ғалымдар Үйі (House of Young Scholars), situated directly on the university

campus, which provided all the necessary comfort, including WLAN.

Of course, the delegation also used the unique opportunity to appreciate some of the highlights Almaty has to offer outside the academic realm. None of the students had been to Kazakhstan before. For instance, the group watched performances at the Kazakh State Academic Theatre named after M. Auezov and the Abai State Academic Opera and Ballet Theater, visited the Panfilovets' Park, and made excursions to Shymbulak, the Sharyn Canyon, the museum of the Golden Man and the Turgen Valley. The trip was finished on a guided tour to the Monument of Independence on Almaty's Republic Square, where the participants were explained the panels depicting important periods of Kazakh history. Insights into Kazakhstan's multi-ethnic society were also gained during visits to the Uyghur Theater and a school of the Uyghur minority.

All in all, the visit was a full success. The students expressed their wish to come again, to deepen their contacts with their hosts in Almaty, and some even to choose Kazakhstan-related topics for their scientific work. We sincerely hope that this trip will contribute to the strengthening of ties not only between Justus Liebig and Al-Farabi Kazakh National University but also between Kazakh and German societies at large.

PD. Dr. Michael Reinhard Heß
Department of Turcology at Gießen University

The First Steps in Science

The annual scientific conference of students and young scientists – IV International Farabi Readings – has come to an end. It has become a good tradition, since Al-Farabi Kazakh National University greets the participants for the fourth time. We can say that the conference has reached a qualitatively new level, as this year it received the status of an international one. We have witnessed the speeches of many students, undergraduates and doctoral students not only from our university, but also guests from abroad and other cities of our country.



The conference of this year differs from the previous ones as the Faculty of Philology and World Languages organized the separate section – "Theory and Practice of Foreign Language Learning", where students of different specialties made presentations in English. In the program of the section 16 reports of the 1st-year students from Al-Farabi Kazakh National University, Gumilev Eurasian National University, Kokshetau University named after Abai Myrzahmet and others were announced. Ten speakers made presentations at the meeting. Topics covered varied aspects of students' interests.

The presentation of students A. Meirkhanov and A. Yessalin "Al-Farabi. The Virtuous City" (supervisor - A. A. Muldagaliyeva) was recognized as the best and took the first place. The second place was taken by students Y. Shaikhygali with

the report "Six principles of political realism" (supervisor - K. A. Aisultanova) and Kh. Kuatova with the report "Differences between Kazakh and Japanese languages" (supervisor - G.A. Orzaeva). The third place was awarded to the students G. Tapenova with the report "Ways and methods of translating" (supervisor - G.B. Almabayeva) and M. Abilkairova, A. Maidan with the report "The modal verbs and how to translate them into Kazakh" (supervisor - AA Muldagaliyeva).

It is no exaggeration to call this event a holiday of the students' first steps in the world of science. The speakers were so enthusiastic and the audience's questions and comments were so interested that there is no doubt – the younger generation is fascinated by research work.

G. OKUSHEVA, A. SMAGULOVA

BRIGHTEN THE CORNER WHERE YOU ARE

The project "Brighten the corner where you are" is being implemented at Al-Farabi university during the past six years and has won popularity among university teachers and students.

The founder of this movement was Young-Sil Kim the honorary president of Anyang University in Korea. His aim in launching this movement was to find a practical principle for building a society where all citizens can live a peaceful and happy life. He found the basic motto of "Brighten the corner where you are" movement in a Chinese book entitled Segal, the 46th volume of Sagi (history):

The Brighten One Corner spirit stands for the idea that every one of us is called on to do his best on any task so that we may obtain the highest outcome, does his best in a given duty, and develops his maximum potential order to realize the highest vision that he can accomplish.

Children should do their best as children.
Parents should do their best as parents.
Students should do their best as student.
Teachers should do their best as teachers.
Employees should do their best in their positions.
Employees should do their best within their capacity.
Citizens should behave worthy of the real heirs of the nation.

Government officials should do their best in serving the nation.

"Brighten one corner" is the spirit of those individuals who see their mission in life as dedicating themselves to any given task and seek to light their own corner for generations.

Brighten the corner where you are" spirit proclaims the idea of uniqueness of man, of "I". "I" is the only being that cannot be compared with anyone and cannot

be replaced by anyone. To become a true human being one must know who he is, his identity. That person can then understand the importance of his family, and ancestors, and younger generations. "I" am a son, daughter, father, mother, husband, wife of somebody and "I" cannot exist without my ancestors and my children cannot exist without me. When each of us understands this we understand the values of our parents, ancestors, children and the life we are living.

One of very valuable points of "Brighten the corner where you are" philosophy is that we find here the answer to the eternal questions we worry about "Why do I live?" "What is happiness?"

Each one of us has his own goals of life and takes efforts to accomplish those goals. We live and work in order to achieve happiness. A desire to be happy is a basic law of life.

Happiness is the peaceful state that results from pursuing and maintaining a harmonious relationship with ourselves as well as other people. For the purpose of attaining happiness in a society, everyone should live together in harmony. In order to achieve harmony, we need to do our own duties, missions, and tasks in any given position. In other words, harmony is accomplished when we clearly recognize our own corners, and do our best in lighting our own corners and seeking the highest and brightest outcome.

So the spirit "Brighten the corner where you are" stands for the idea of doing the best for the benefit of obtaining the brightest and cleanest outcome. When each person of the nation does light his own corner, he and his family enjoy happiness, and ultimately the entire world can enjoy freedom, peace, and happiness. By practicing the "Brighten the Corner where you are" spirit, we can build a beautiful world of harmony. The movement "Brighten the Corner where you are" is a way through which all of us can reach happiness and self-innovation.

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA

Биыл еліміз Ұлы жеңістің жетпіс екінші жылын атап өтуде. Осы бір отты жылдардан алыстаған сайын сол жеңісті күндерге жеткізген аталарымыз бен әжелеріміздің қатары да сиреп барады. Бірақ, бұл күн әрбір қазақстандық үшін ең қымбат мейрамдардың бірі болып қала береді. Жауынгер-ұстаздарымыздың бейнесі біздің жадымызда мәңгілік сақталады. Осы ұстаздарымыз туралы өз шәкірттерімізге естелік қалдыруды азаматтық парызымыз деп ойлаймыз.

Майдангер-ҰСТАЗ



Философия және саясаттану факультетінде ұстаздық еткен соғыс ардагерлері аз емес еді. Олардың әрқайсысының есімі мақтан тұтуға лайықты, майдандағы ерлігі мен ұстаздық жолы бірнеше кітапқа арқау болары сөзсіз. Біз осы мақаламызда солардың бірі – философия ғылымдарының докторы, профессор, майдангер-ұстаз Қасым Халиоллаұлы Рахматуллин туралы сыр тарқатпақпыз.

Қасым Рахматуллин 1920 жылы 19 қыркүйекте Қостанай қаласында теміржол қызметкерлерінің отбасында дүниеге келген. Бала жастан білімге құштар болып өскен Қасым ағамыз мектепті үздік аяқтаған соң 1932 жылы Қостанайдағы педагогикалық техникумға оқуға түседі. Ал 4 жылдан кейін жақсы оқығаны үшін «Бастауыш мектеп мұғалімдерінің» сертификатымен марапатталады. Қасым Халиоллаұлы өз өмірінің көп бөлігін өскелең ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Бірнеше жыл Қостанай облысындағы жеті жылдық білім беретін мектептің директоры болып қызмет атқарды. Білім мен ғылымның шыңына ұмтылған Қасым аға өз білімін Оралдағы Пушкин атындағы педагогикалық институттың география факультетінде шыңдады. Біліктілігі мен білімі арқылы танылған жас ұстаз жауапты қызметтерге де тағайындалды. 1941 жылы Оралдағы комсомол ұйымын басқарды. Отанымызға қауіп төнген, Ұлы Отан соғысы

басталған кезде Қасым өзінің қызметінен бас тартып, майданға аттанды. Чкалов атындағы әскери мектепті аяқтағаннан кейін I Украин майданының артиллериялық полкінің алдыңғы шептегі бөлімшесінде соғысқа араласты. Неміс танкілерінің тегеурінді шабуылдарына қарсы тұрып, кескілескен айкастардың бел ортасында жүрді. Майдан даласындағы ерліктері үшін Қасым Халиоллаұлы Рахматуллин көптеген медальдармен және ордендермен марапатталды. Наградларының арасында I және II-дәрежелі Отан соғысы және Қызыл жұлдыз ордендері бар.

Алапат соғыстан аман оралған Қасым ағамыз бейбіт өмірде өзінің ұстаздық жолын жалғастырды. 1946 жылы Ақтөбе орта мектебінің директоры, Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды. Кейінірек Ақтөбе педагогикалық институтының директоры қызметтерін атқарды.

1951 жылы кандидаттық, 1968 жылы докторлық диссертациясын табысты қорғап шықты. Өзінің «Астрономияны дамыту принциптері» атты докторлық диссертациясында ғалым-ұстаз астрономияның философиялық мәселелерін жан-жақты қамтып, теориялық тұрғыдан тұжырымдайды.

Профессор Қ.Х. Рахматуллиннің астрономия және космонавтика туралы жазған жұмыстары халықаралық ғылыми қауымдастық назарынан тыс қалған жоқ. Оның астрономия және космоновтикаға арналған жарияланымдары әлемдік библиографияға қосу үшін АҚШ-тың Ұлттық ғарыштық зерттеулер орталығына сұратылды. Қасым аға кезінде Николай Коперник білім алған Польшаның Торунь университетінде де дәрістер курсы оқыды.

Қ.Х. Рахматуллиннің майдан даласындағы ерліктерімен қатар бейбіт еңбектегі жетістіктерін де мемлекетіміз жоғары бағалап, екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және 1984 жылы «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағымен марапаттады.

1971 жылдың күзінде Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті Қасым Халиоллаұлы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың философия кафедрасына меңгерушілік қызметке жіберді. Осы жылдан бастап Қасым ағаның қалған ғұмыры университетпен тығыз байланысты болды. Қасым ағадан білім алған студенттер мен аспиранттар шетелдерде өздерінің шығармашылықтарын шындап, ғылымның түрлі салаларында үлкен жетістіктерге жетті. Қазіргі таңда Қасым ағаның 50-ден аса шәкірті – ғылым кандидаттары мен докторлары. З.Н. Исмағамбетова, З.Ж. Жаназарова,

О.М.Борецкий, Л.М.Ким сияқты шәкірттері Қасым ағаның ұстаздық жолын жалғастырып, университетімізде жастарға білім беруде.

Қасым Халиоллаұлы өз болмысында өте қарапайым, зиялы адам еді. Ол өзінің майдан даласындағы ерліктерімен де, қызметімен де ешқашан мақтанбайтын. Студенттері мен әріптестері кез келген мәселе бойынша үнемі Қасым ағадан ақыл-кеңес сұрайтын, ол бәріне бірдей құрметпен қарайтын. Ол даналық пен шындықты бойына терең сіңірген шынайы философ еді. Қасым ағаның бойынан өмірге деген тасып жатқан құштарлықты жиі байқайтынбыз. Бірде ол соғыс уақытын еске ала отырып, былай деген еді: «Ұрыс алдындағы тыныштық... Шабуылды күтіп көктемнің салқын жерінде жатқанымда кенеттен еш нәрсеге қарамастан күнге қарай ұмтылған жасыл шөпті көзім шалды. «Өмір неткен керемет!» деген ой санамды билеп алды».

Қасым аға шәкірттеріне өмірге деген осы құштарлықты, өмірді қастерлеуді сіңіре білді. Ешқандай қиындыққа қарамастан алға ұмтылып, максатына адал болуға үйретті.

Өмірдің ашысы мен тұшысын да татқан, қиындығы мен қуанышын да көрген, өмір философиясының ақиқатына қаныққан Қасым ағамыз адамгершілік пен азаматтықты, адалдық пен парызды өмірлік принцип ретінде ту етіп көтеріп өтті.

Ұстазымыз өмірден өтсе де, оның өшпес ерлігі мен халқына сіңірген еңбегі, ғылыми мұрасы жадымызда мәңгілік сақталады. Ұстазын ардақтар шәкірттері барда есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

Қ. ЗАТОВ,

филос.ғ.д.,

дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры;

Л. КИМ,

филос.ғ.к.,

саясаттану кафедрасының доценті

Түлге оранған студенттер қалашығы

Әсем қаламыздың ең көрікті жеріне, Алатаудың етегіне орналасқан Қазақ ұлттық университеті – сыртқы салтанаты мен ішкі білім беру үрдісі келіскен нағыз озық үлгіде салынған таңдаулы оқу орны. Жылдың қай мезгілінде болсын көрікті университет қалашығы оңтүстіктегі бас қаланың шырайын келтіріп тұрады. Сөз жоқ, қалашық алғаш көрген адамды бірден өзіне тартары анық. Әсіресе, ерте көктем мен сары-ала күз аралығында ҚазҰУ-дың маңайы табиғатпен үндесіп, ерекше сұлуланып кетеді.

айтып тұрғандай, мағынасы терең әрі өміршен жоба өмірдің барлық саласын қамтиды. «Айналанды нұрландыр!» сөзі дәл біздің университетімізге тікелей қатысы бар сияқты көрінеді. Университет өзінің сыртқы заманауи болмысымен-ақ қоршаған ортаны әдемі толықтырып тұр. Қалашыққа кіре бере айнала көкөрай шалғын көк алаң, көздің жауын алатын гүл алаңдары, жайқалып өсіп тұрған кішігірім тоғай, серуен-бак, сая жолдар. Жоба қабылданған күннен бастап біздің жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ұжымы студенттермен бірге талқылап, оны жүзеге асыру мақсатында жұмыс істеуде. Солардың бірі ретінде кафедра филология және әлем тілдері факультеті орналасқан оқу ғимаратының кіре берісіндегі гүл өсіретін алаңқайды баптауды өз міндетіне алды. Оқытушылар мен студенттер оқу ғимаратының меңгерушісі Жұлдызай Балмұханбетова бөліп берген жерді өңдеп, гүл егуге дайындайды. Биыл да «Айналанды нұрландыр» жобасының негізінде жасақталған студенттердің ерікті тобы күн жылына сала өз жұмысына кірісіп кетті. Бұл жолы филология және әлем тілдері факультеті, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының 2-курс студенттері гүл отырғызу жұмыстарын белсенділікпен атқарды. Кафедра оқытушыларының бастамасымен шара барысында гүл мәдениетін насихаттау да қолға алынды. Студенттер өз қолдарымен



отырғызылған гүлдерге үлкен қуанышпен қарап, күтіп-баптауды естен шығармақ емес. Өркендей бер, туған университет!

Бәтін ТӨРЕХАНОВА,

аға оқытушы;

Медина СМАДИЯР,

«Екі шет тілі» мамандығының

2-курс студенті



Қалашықтың келбетін арттыруға студенттердің белсене қатысуымен жүзеге «Айналанды нұрландыр!» жобасы аясында асып жатқан шаралар да ықпал етуде. Аты

ҚР Қарулы күштерінің 25жылдық мерекесіне орай әскери кафедрада ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК

Жуырда «Лингвоарна» ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығы, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай үйі, «Ұлт болмысы» журналы, «Ай-ару» рухани-танымдық студент қыздар орталығы және ҚазҰУ филология және әлем тілдері факультеті бірлесе отырып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгіні мен болашағы» атты қорытынды онлайн-семинар өткізді.

Онлайн-семинарда G-Global ғылыми ақпараттар мен мәліметтерді, ғылыми ұстанымдарды әлемдік кеңістікте талқылауға мүмкіндік беретін тұғырнама аясында Ахмет Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультеті теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы, Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы, Атырау гуманитарлық колледжі, сонымен қатар Ақтөбе қаласындағы 24-лингвистикалық мектеп-гимназиясы және Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультеті мемлекеттік тілді оқыту кафедрасы ұжымы өз ойларымен бөлісіп, ұлт ұстазы жайында оқылған баяндамаларды талқылауға үлкен мүмкіндік алды. Ондағы мақсат – ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының білім берудегі сара жолын көпшілікке насихаттау.

Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған азаматтардың бірі әрі бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Қазақ халқының мандайы жарқырап өзге елдермен қатар болуы үшін, ең алдымен, оқу-ағарту ісін жолға қою керек екендігін түсінген А. Байтұрсынұлының осы оқу-ағарту идеясы – қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылады. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі жанып, арманы орындалды десек әбден болды. Күні бүгінде Ұлт ұстазының «Оқу құралы» еңбегі қазақ тілінде басылып жатқан оқулықтардың қайнар көзі, бастауы. Қорыта келсек, ұлы реформатор ғалым еңбектерін тіл білімі, әдебиет, тарих және журналистика саласы тұрғысынан тереңдетіп зерттеу уақыттың еншісінде.

Анар АШИРОВА,

ф.ғ.к., қазақ тіл білімі кафедрасының доценти

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Тарих, археология және этнология факультетінде магистранттар мен студенттердің пікірталас клубы жұмыс істейді. Пікірталас негізінен «Батыс – Шығыс» мәселесінің концептуалдық негіздерін талдауға арналған. Клубтың ұраны ретінде Олжас Сүлейменовтің терең мағыналы «Шығыс та жоқ, Батыс та жоқ, тек қана күннің батуы мен шығуы бар» деген философиялық ойы алынған. Бұл кездейсоқ алынған мәтін емес, оның осы клуб қызметінің мәні мен бағытына тікелей қатысы бар.

Клуб отырыстарында ежелгі замандағы Батыс-Шығыс түсінігінің қалыптасуы, одан кейін «Батыс – Шығыс» мәселесінің өркениеттік айырмашылықтар мәніне ие болуы, жаңа дәуірде Батыс пен Шығыстың бір-біріне қарсы қойылуы, сондай-ақ ғаламдану үдерісі күшейген қазіргі кезеңдегі олардың күрделі сипаттағы қатынастары талқыланады. Олжас Сүлейменовтің жоғарыда аталған «Шығыс та жоқ, Батыс та жоқ, тек қана күннің батуы мен шығуы бар» деген сөзі әлемді Батыс пен Шығысқа бөлудің шарттылығын көрсетсе, Редьярд Киплингтің балладасы Шығыс пен Батыстың өзара жау да, дос та бола алатындығын бейнеледі.

Клуб мүшелері арасында әрбір тарихи кезеңдердегі Батыс пен Шығыстағы тарихи білімнің концептуалдық негіздері, тарих философиясы мен методологиясы айрықша қызығушылық тудырады. Клуботырыстарының бірінде орта ғасырлық Шығыстағы тарихтың циклдык концепциясы мен Батыстағы сызықтық концепциясын салыстыра талдау төңірегінде пікірталас өткізілді. Магистранттарды Шығыс перипатетизмі өкілдерінің тарих философиясына қосқан үлесі аса қызықтыратыны байқалды. Клубтың ұйымдастыру кеңесінің төрағасы Саят Әлібеков Ибн Халдунның тарих орта ғасырларда тек



патшалардың өмірі мен қызметін сипаттау деңгейінде болғанын сынап, оны ғылым деңгейіне көтеруге тырысқанын қызықты түрде баяндап, клуб мүшелері арасында қызу пікірталас тудырды. Биылғы сәуір айында клуб аясында американдық докторанттың қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Оның кеңестер білігі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдардағы қазақ ауылдарындағы білім беру мәселесі туралы баяндамасын талдау магистранттар мен докторанттардың мұсылмандық және зайырлы білім жүйесі туралы пікірталасына ұласты.

Клуб жұмысының тағы бір бағыты Батыс және Шығыс жастарының менталитетін сипаттайтын шығармаларын талдау. Соған орай клуб мүшелерінің өз таңдауымен Еуропа мен Азияның танымал жазушыларының шығармалары төңірегінде де пікірталас ұйымдастырылады. Мысалы, магистранттардың қалауымен Д.Сэлинджердің

«Над пропастью во ржи» атты тәрбиелік мәні бар романы талқыланды. 1951 жылы жарық көрген бұл еңбек әлі күнге өзінің мәнін жойған жоқ, өйткені романның басты кейіпкері Холден Колфилдтің балдәурен балалықтан шығуы мен есею жолындағы күрделі толқыныстары қазіргі жастардың да бойында болары сөзсіз. Күні бүгінге дейін бұл кітаптың жылына 250 мың данасының сатылуы кездейсоқтық емес қой. Қазіргі заманғы Шығыс жастарының ой-дүниесін сипаттайтын шығармалардың ішінде Харуки Муракамидің шығармаларын талдау жоспарымызда бар. Батыс пен Шығыстың күрделі де көпқырлы қарым-қатынастарын талдау жалғаса берері сөзсіз.

Гүлжаухар КӨКЕБАЕВА,

тарих ғылымдарының докторы,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және
деректану кафедрасының профессоры

ҒЫЛЫМИ МӘНДІ ДӘРІС

Тарих, археология және этнология факультетінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Меруерт Абусейтованың жастарға арналған «Қазақстан мен Орталық Азия тарихы мен мәдениетіне қатысты жаңа материалдар мен архивтер» тақырыбында көсбасшылық дәрісі өтті.

Дәріс-презентация барысында М.К.Абусейтова жиналған аудитория назарына Қазақстан мен Орталық Азия тарихы мен мәдениетіне қатысты жинақтап, ғылыми талдаудан өткізген тың материалдарын ұсынды. Әсіресе, ғалымның «Қазақстан тарихы Шығыс миниатюраларында» еңбегі ерекше қызығушылық тудырды.

«Қазақстан тарихы Шығыс миниатюраларында» кітабы – Шығыстың жазба тарихи деректемелері мен өнер ескерткіштерін талай жылдар бойы зерттеудің нәтижесі екендігі айқын. Еуразияның ұлан-байтақ өңірінде болған және болып жатқан күрделі тарихи үдерістерді кешенді пәнаралық көзқарас тұрғысынан тың деректерді ғылыми айналымға енгізе отырып жүргізген ізденістері деректердің

жаңа топтамаларының ғылыми айналымға енуіне жол ашты. Осы негізде оқылған дәріс студенттер, магистранттар мен жалпы дәріске қатысушылардың ортағасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша білімдерін толықтырып, тың мәселелерді айқындауға жол ашты. Автордың бұл ізденісі Елбасы талдап көрсеткен қоғамдық сананы жетілдіру бағытындағы басым бағыттарды жүзеге асырудың бір тетігі екені сөзсіз.

Тағылымы мол, ғылыми мәнді дәрісі үшін профессор Меруерт Қуатқызына алғыс білдіреміз!

А.М. УРАЗБАЕВА,

Қазақстан тарихы кафедрасының доценти

Ұлыстың ұлы күні ұлықталды

Ата-бабаларымыз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі Әл-Фараби кітапханасында да атап өтілді.



Мерекелік шарада кітапхана басшылары – Қ.Т. Түенбаева мен Ж.А.Арекенова ақ тілектерін айтып, кітапхана қызметкерлерін Ұлыстың ұлы күні саналатын Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтады.

Бұл күні дәстүр бойынша Наурыз көже пісіріліп, ұлттық тағамдар әзірленді. Мейрамға арналған концерттік бағдарламада кітапханашы-менеджер Айдынгүл Ерекеш казак, қытай тілдерінде мереке

туралы ән шырқаса, Кітапханалық-ақпараттық үдерістерді автоматтандыру басқармасының қызметкерлері – Әбілқайыр Жакыпов, Жандос Тілеумұратов және Ақпараттық технология департаментінің қызметкері Айжан Сансызбай өзара айтысқа түсіп, көпшілікті суырып-салма өнерлерімен тәнті етті. Әрине, наурыз мейрамы болған соң, бабаларымыздан мұра болып қалған ұлттық ойындар ойнатылып, салт-дәстүрімізден көріністер көпшілік назарына ұсынылды. Мысалы, Ақпараттық қызмет көрсету басқармасы тұсаукесер рәсімін жасап, ұлттық әдет-ғұрыпқа байланысты қызықты зияткерлік ойын-викторинасын өткізді. Негізгі қорды жинақтау және сақтау басқармасының қызметкер қыздарының орындаған «Қара жорға» биі концерттік бағдарламаның шымылдығын жапты.

Шара барысында «Парасат» кәсіподақ комитетінің мүшесі Ш.Мұқашева мен Л.Рафкатова кәсіподақ комитетінің қолдауымен бірнеше номинациялар бойынша мерекелік байқау ұйымдастырды. Нәтижесінде «Наурыз көже шебері» номинациясында Ғалия Барлыбаева, «Дәмді бауырсақ» номинациясында Римхия Қыпшақбаева, «Ерекше салат» – Алмагүл Балхашева, «Тәтті пісірме» – Әсел Қожахметова, «Үздік ұлттық киім» номинациясында Шолпан Кайноллина марапатталды.

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ

ПРАКТИКАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке апаратын ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады», – делінген. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда педагогикалық практика студенттің оқу пәні негізінде білім кеңістігін арттыратын және оның кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала болып табылады.

Педагогикалық практика барысында: студенттердің кәсіби біліктілігі, педагогикалық ұйымдастырушылық, коммуникативтік қабілеті, жұмысты жоспарлай білуі, болжам жасай алу, оқыту мен тәрбие процесінің негізгі компоненттерін талдау, әдістеменің деңгейін және оқытудың дидактикалық мақсаты мен міндетін анықтау, оқу-тәрбие процесін ұтымды ұйымдастыра білу, сондай-ақ, педагогикалық процесті басқару қабілеті қалыптасады.

Осы орайда философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы мен «Педагогика және психология» мамандықтарының 4-курс студенттері мектептерде тәжірибелік практикадан өтті. Практика барысында алғашқы аптада студенттер мемлекеттік стандартқа сай пән бойынша оқу бағдарламасымен, мектептің оқу-тәрбиелік жоспарымен таныса отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскерліктер мен дағдыны қалыптастыруда маңызды құжаттармен жұмыс істеді. Студенттер практика кезіндегі тапсырмаларды орындауда мектеп ұжымының үлкен қолдау білдіргенін атап өтті. Олар алғашқы педагогикалық дағдыларының қалыптасқанын, теориялық білімдерінің жетіле түскендігі туралы өз ойларын ортаға салды. Мектепте пән бойынша сабақ берумен қатар, өз бетімен оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауда, ата-аналармен жұмыс жүргізуде, оқушылардың тәрбие жұмысында кейбір мәселелерді шешуде белсенділік қажет екенін түсінгендіктерін айтты. Сондықтан да қазіргідей әлемдік ғаламдану процесі кезінде адам баласының өзінің ұдайы дамып отыруына керекті ақпаратты саралап, пайдалана білудің кәсіби қарым-қатынасты арттыруында педагогикалық практиканың берер тағылымы зор екені айқын.

Бақыт ӘРІНОВА,
пед.ғ.к., доцент;
Қуаныш МОЛДАСАН,
пед.ғ.к., доцент;

МАМАҢДЫҒЫМ – МАҚТАҢЫШЫМ!



Адамдар өздерінің таңдап алған болашақ мамандықтарына әр түрлі жолдар арқылы қадам басады. Біреулер үшін ол – ойға алған арманының орындалуы, келесі біреулер үшін жаңалыққа, дербестікке деген талпыныс, енді біреулер үшін бір мамандықты меңгеру мақсаты тұр. Біздің ойымызша, адам өзінің қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде екі нәрседен қателеспей керек. Бірі: өмір бойы өзіне адал болатын жар таңдаудан, екіншісі: мамандық таңдаудан. Мамандық таңдау өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ол үшін ең алдымен өзімізді, өзіміздің бейімділігімізді тануымыз қажет.

Мен үшінде осыдан төрт жыл бұрын маңызды таңдау сәті туды. Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтіп, жоғары оқу орнын таңдауға кірістім. Алған білімімнің арқасында еліміздегі сексен жылдан астам тарихы бар қарашанырағымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті атандым. Ұстаздар отбасында дүниеге келгенімнің әсерімен «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығына қызығып, оқу грантын иемдендім.

Елімізде алғашқы мамандандырылуы 2010 жылы ашылған «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімдері міндеті жайлы ұстазым, педагогика ғылымының кандидаты Назгүл Анарбекқызы өз зерттеулерінде: «Өзін-өзі тану пәні

мұғалімінің негізгі міндеті – өскелең ұрпақтың тұлғалық потенциалының дамуына, өзіндік қасиетінің ашылуына, шығармашылық және танымдық белсенділігін ынталандыруға, балаларға сүйіспеншілік, мейірімділік, ақиқат, адалдық, шыншылдық, сұлулық, рақымдылық, мінез-құлық дұрыстығы арқылы жан-жақты үйлесімді дамыған адам қалыптастыруға бағдарланған», – деп ой тұжырымдайды. Бұл мамандық рухани-адамгершілік білім берудің қайнар бұлағы әрі оның негізгі мақсаты оқушылардың бойына адами құндылықтарды сіңіру екендігін түсінгенде, өз таңдауымнан қателеспегеніме тағы да көз жеткіздім. Бұл жолда бізге ҚазҰУ берер мүмкіншіліктер мен тәжірибе көп.

Алған білімімізді тәжірибемен ұштастырып, студенттік өмірімізді қоғамдық және әлеуметтік мәселелермен сабақтастыру жүзеге асуда. Түрлі іс-шаралар мен ғылыми конференциялардың мүшесі ретінде түйгенім, отандық университеттер арасында көшбастаушы ҚазҰУ студенттеріне қызыға да тамсана қарайтын жастардың саны күннен-күнге артуда. Әрине, ол қарашанырағымыздың әрбір білім алушысының, соның ішінде менің де бойымда үлкен мақтаншыл ұлалады.

Өз кезегінде «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы оқытушыларының жетекшілігімен әр курсты тәмамдаған соң, жыл сайын іс-тәжірибеден өттік. Мысалы, мен 1-курстан соң Алматы қаласының Жұлдыз ықшамауданындағы №142 жалпы білім беретін мектепте, 2-курста оқу ордамыздың ректоратындағы «Тәрбие бөлімінде» тәжірибеден өттім. Болашақ маман ретінде менен бұл іс-тәжірибелер жоғары жауапкершілік

пен ұстамдылықты талап етті. 3-курста оқу іс-тәжірибеміз «Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығында» өтіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыстық. Оқу іс-тәжірибе жүйесінің қорытындысы ретінде соңғы курста Алматы қаласындағы №173 мектеп-лицейде бір айлық педагогикалық тәжірибеден өттік.

Біз мектепте өзімізді нағыз ұстаз, өзін-өзі тану мұғалімі, сонымен қатар әлеуметтік педагог ретінде сынап көрдік. Әрбір сабақты оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлауын дамытатын техникалар, сұрақтар мен тапсырмалар арқылы өткіздік. Оқушылардың өзін-өзі тану пәніне деген қызығушылығы менің өз мамандығым деген махаббатымды арттыра түсті.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі жобасының авторы Сара Алпыскызы Назарбаева: «Өзінді-өзің тану – рухани өркендеудің түп тамыры және адамгершілік құндылықтардың негізі» – деп атап өткеніндей, қазіргі қоғамда «Өзін-өзі тану» пәні өзінің тән және рухани күшін жете бағалайтын, өз тілегі мен сезімін қажетті арнаға бұра алатын, өзіне талап қоя алатын, өз күшіне, қабілетіне, өмірлік мақсаты мен міндетіне жету жолындағы мүмкіндігіне сенімді, Отанын, елін-жерін сүйетін, рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасқан толық адамды тәрбиелеуде маңызды орынды алатындығы даусыз.

Ш. ТЕМІРБАЕВА,

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 4-курс студенті

Жетекшісі: Н. АНАРБЕК,

пед. ғ. к., доцент м. а.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Есімі елімізге белгілі тележурналист, қарымды қаламгер Арман Сқабылұлының «Өкпелемеші» жинағы өзінің өмірден көрген-түйгендерінің, қызықты сәттерінің тізбегі десем, қате айтпағаным. Бұл жинағымен ол біреуге ой салса, біреуге шабыт сыйлады. Жинақ журналист-жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайнар Олжайдың алғысөзінен басталады. Өзі алты бөлімнен тұратын Арман ағамыздың туындысы сонау балалық шаққа саяхатымен, студент өмірінің қызықтарымен, «журналистиканың» қызығы мен шыжығын әсерлі жеткізгендігімен менің жүрегімді жаулап алды.


«Артық ғылым кітапта...»

«...Хатың керемет екен! Өзің жаздың ба? Мен де сенімен дос болуға қарсы емеспін. Бірақ, сені дұрыс танымаймын ғой. Бүгін клубта «Бобби» деген үнді фильмі болады. Бірге көрейік. Махаббат жайлы екен...» – деп хатына жауап қайтарған «аппақ қыздың» жауапсыз махаббатына айналарын кім білген. «Менің Боббиім» деп қала берген Арман ағамыздың балалық шақтағы қызықтарына тоймайсың. Бір ғана адамның жастық шағы бірталай жанды баурап алғанын Арман Сқабылұлынан бұрын Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхатынан» білетін едік. Ал, бұл қаламгердің жинағы ағасынан алған ізденістің жемісі деп білеміз.

«Бұрын біздің ауылда кітап жинау кәдімгідей бәсеке болатын. Жағдайы бары да, жарлысы да, оқитыны да, оқымайтыны да әйтеуір кітап жинауға әуес еді...». Ал қазір

ше? Сол кезде ең бай адам – кітабы көп адам болатын. «Белгілі сыншы Сағат Әшімбаевтың үйіне барсаңыз, бір бөлмені алған, еденнен төбеге дейін жиналған кітаптарды көресіз. Ол тіпті қай кітаптың қай жерде тұрғанын жатқа айтып бере алады...» деп таңырқай жазды ағамыз. Ал сіз ше? Сіздің үйде қанша кітап бар? Міне, мені осы мәселе толғандырды. Сауаттылық, сауаттылық деп жатамыз, сауаттылық кітап оқуда жатыр. Ағамыз тек бұл мәселемен ғана шектелмей, тағы да басқа өзекті, ел көкейіндегі мәселелерді сараптайды.

Жинақтың аты неге «Өкпелемеші» деп аталған деген сұрақ әрқайсымыздың санамызда туындайтыны анық. Бұл – автор өмірінде болған оқиғалардың қағаз бетіне түскен нұсқасы. Сол оқиғадағы кейіпкерлерді қаз қалпында қалдыруы себебінен, өздерін танып жатқандар өкпелемесін



деп, «Өкпелемеші» деп аталған. Аталмыш туынды оқырман қауым үшін рухани азық болары сөзсіз. Жинақтан отты ой ғана алып қоймайсыз, «журналистика» саласына деген қызығушылығыңыз бен шабытыңызды аша түссіз. Жалпы айтқанда, өткен естеліктердің қаншалықты ыстық екенін, оның мәңгі өшпейтінін түсінеріңіз хақ.

Толғанай ЖОЛДЫБАЕВА,

журналистика факультетінің студенті



СТУДЕНТТЕР ДЕ ӘСКЕРИ САПҚА ДАЙЫН

Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасында Қазақстан Қарулы күштерінің 25 жылдық мерейтойына орай жиын өтті. Шараға кафедра түлегі, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев мырза қатысып, кафедраның алдағы жоспарларымен танысты.



жаттығудағы формалары мен қорғаныс қару-жарақтарымен танысты.

– Отан қорғау – асыл қасиет. Университетте білім алып жүріп, әскери кафедраға қатар түскен

студенттеріміз осы қанданың үдесінен шығып келеді деген ойдамын. Біздің әрқайсымыз Отанның тыныштығын сақтауға жауаптымыз, борыштымыз. Студенттеріміз білімді әрі білекті болуға тиіс. Барша ер-азаматтарды мерекемен шын жүректен құттықтаймын! – деді.

Әскери кафедраның запастағы полковнигі Бекболат Иханбаев: – Еліміздің Қарулы күштері 25 жылда алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылып отыр. Қазіргі кезде Қарулы күштеріміз құрлық әскерлері, әуе қорғаныс күштері және теңіз күштерінен тұрады. Біздің әскеріміз осы заманға сай қару-жарақтарға ие. Ол қару-жарақты қолдана алатын білікті мамандар бар. Соңғы өтіп жатқан оқу-жаттығу шаралары Қарулы күштердің жоғары деңгейде екенін тағы бір мәрте көрсетіп жатыр. Біздің әскери кафедрада кезінде Қарулы күштерде қызмет еткен белді азаматтар білім беруде. Кафедраның құрамында білікті, тәжірибелі офицерлер көп. Әр офицердің Қарулы күштерімізге қосқан үлесі зор. Барлық әріптестерімді осынау мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын, – деп жүрекжарды лебізін білдірді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Суреттерді түсірген автор

Студентка КазНУ им. аль-Фараби Умида Садыкова заняла второе место на Чемпионате Республики Казахстана по женскому боксу в Астане. Соревнования прошли со 2 по 9 мая, где участвовали 89 самых сильнейших спортсменов Казахстана.

СИЛЬНЕЙШАЯ СПОРТСМЕНКА СТРАНЫ



У. Садыкова выступала в весовой категории свыше 81+ кг. В финале она встретилась с чемпионкой мира из Астаны Ляззат Кунгейбаевой. Все три раунда были особенно зрелищными, где спортсменки показали свое мастерство и технику. По мнению заслуженного тренера РК Бахыта Байкулбаева его ученица У. Садыкова «показала хорошие результаты. Все три раунда она эффективно использовала каждое мгновение, чтобы одержать вверх. Но сказалась большая опыт соперницы, которой позволил выйти вперед по очкам». Сама Умида Садыкова считает, что поединок был равным и жарким, и самое главное она уверена в своих силах, чтобы достичь победы.

Коллектив КазНУ поздравляет Умиду Садыкову и доцента кафедры физического воспитания и спорта Бахыта Байкулбекова с очередной победой и желает дальнейших успехов!



«Қытай тағамдары» фестивалі

Асхана мәдениеті кез келген мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатыны даусыз. Ішіп-жемге, ас-тағамға егер ақылмен қарап, оймен басқарса, игілікті іске айналдыруға болатын нәзік өнер деп қарауға тұрарлық. Тағам мәдениетін өз алдына үлкен мәдениетке айналдырған және сонысымен бүгінгі таңда бүкіл әлемді тәнті етіп отырған қытайлықтар үшін бұл тіптен маңызды сала.

Қытай өркениетін қытай тағамдарынсыз елестету мүмкін емес. Ас-тағам қытайлықтар үшін тек жәй ғана қажеттілік, ырым, салт, жоралғы ғана емес, сонымен қатар өз алдына үлкен мейрам болып есептелген. Қажеттілік, мұқтаждық қытайлықтарды жер бетінде не өседі және жер бетінде жыбырлаған, қыбырлаған не бар бәрін жеуге үйретті. Тіпті осы мұқтаждықтың өзін қытайлықтар үлкен өнерге, игілікті іске айналдыра білді және де бүгінгі таңда олар өздерінің кез келген адамды бей-жай қалдырмайтын аспаздық өнерімен, ас-тағамдарының алуан түрлілігімен бүкіл әлемді аузына қаратып отыр. Ендеше сол өнерді неге үйренбеске?

Қытай мәдениетімен, оның ішінде қытай асханасымен жақын танысу мақсатында шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасының студенттері мен ұстаздары «Қытай тағамдары» фестивалін өткізді. Шара барысында қытай асханасы туралы деректі фильм көрсетіліп, студенттер өз қолдарымен қытай тағамын дайындауды үйренді. Қытай тағамдарын дайындауды үйретуге кафедра ұстаздарымен қоса, университет жанындағы Конфуций институтының қызметкерлері де белсене атсалысты. Ерекше тағамдарданарнайы келген қонақтар дәм татып, өз әсерлерімен бөлісті.

Г. БОДАУ

ЕҢ ҚУАТТЫ КАПИТАЛ

Жастардың білім алар ошағы ғана емес, адами қасиеттер мен тұлға ретінде қалыптасуына жол ашатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде күн сайын көптеген маңызды іс-шаралар өтуде. Сондай маңызды шаралардың бірі – филология және әлем тілдер факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы жанынан құрылған «Әдеби жүздесулер» мен «Түлек» клубының ұйымдастыруымен өткен «Ең қуатты капитал» тақырыбындағы танымдық тренинг.



Кезекті сұхбаттасудың қонағы осы университеттің түлегі, танымал айтыскер ақын, «Асыл арна» ислами-ағартушылық телеарнасының бас директоры Мұхамеджан Оразбайұлы Тазабек болды. Ол бүгінгі таңда адамдар үшін ең қымбат құндылықтың не екендігін білу мақсатында интернет сауалнама арқылы жалпы диагностика жасап көргенін тілге тиек етті. Осы тақырып аясында студент жастармен кенінен пікір алмасты. Жастарды адамгершілікке, өмірлік құндылықтарды дұрыс танып, қадірлей білуге бағытталған дәріс пайдалы мағлұматқа толы болды. Дәріскер мен студент жастардың ой-пікірі бір арнада тоғысып, ең қымбат капитал – уақыт, адамгершілік, отбасы, білім деген төрттағамға келіп тоқтады. Болашақтың бүгіннен тұратынын, ертең ойлаған жан бүгінін түзеу керектігін, ең қымбатты, қуатты байлығымыз уақыт екенін тренинг нәтижесінде жастардың өздері де мойындады.

Осы кездесудің мәнін көтеріп, тағылымды сұхбаттасу жүргізген, бүгінгі таңда ұлт руханиятын көтеруге, жастарымыздың бойына адами ізгі қасиеттерді сіңіруге ерінбей қызмет етіп жүрген қазактың біртуар азаматы Мұхамеджан Оразбайұлы аудиторияға лық толған студенттерден өздері өмір сүріп жатқан бейбіт уақыттың қалірін білетін, отбасынан, салт-санамыздың өзегін сіңірген, адамгершілігі мен білімі мол жастардың легін көріп отырғандығын қуана айтты. Факультет деканы профессор Өмірхан Әбдіманұлы да сұхбаттасудың рухани азық аларлықтай, көкейдегі көп ойға қозғау саларлықтай керемет болғандығын айтып, қонағымызға алғысын білдірді.

Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,
профессор

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазгерке ҚАРАТАЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17
Тел: 8 (727) 273 - 12 - 04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3016

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.